

**Босаға жалпы білім беретін мектебі «Зорлық зомбылыққа жол жоқ»  
атты тренинг**

**ХАТТАМА № 4**

**Босаға ауылы**

**13.10.2022 жыл.**

**Қатысқан 17**

**Күн тәртібінде:**

1. «Күш көрсетпеңіз, сіз зорлық зомбылықтан күштісіз» зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша оқушыларға арналған тренинг.

**Тыңдалды:**

1. Мектеп психологы Есимғалиева С.Е. өз сөзінде әлімжеттіктің барлық түрлеріне қоғамдық қарсы пікір қалыптастыру. Психотравматикалық және әлеуметтік қауіпті жағдайды жою. Өзі туралы және басқалармен қарым қатынас туралы идеяларды өзгерту керектігін айтты. Слайд арқылы әр түрлі тапсырмаларды орындауға ұсынды. Фильмнен үзінді көрсетілді. Оқушыларға сұрақтар қойылып оларға жауап берулерін сұрады. «Егер сіз қорлаудың құрбаны болсаңыз не істеу керек» жадынамасы слайд арқылы көрсетілді.
2. Қорытынды. Рефлексия. «Әдемі күн үшін рахмет» жаттығуымен аяқталды.

Хатша



Мукашева Л.Т.

Зорлық зомбылық. Тәрбие сағат  
Зорлық дегеніміз не

«Мен зорлық- зомбылыққа карсымын »

Мақсаты :

Балалармен ата-аналарды және ересектерді қоғамда кездесіп отырған балаларға қатысты зорлық - зомбылық пен қатыгездіктің зияны мен салдары туралы түсінік беру, талқылау.

Оқушыларды жаңа тақырыптық талқылауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету және проблемалық сұрақтар арқылы олардың ой- өрісін, ойлау қабілеттінің белсенділігін арттыру. Заң сыйлайтын тұлғаны қалыптастыру.

I .Тәрбиешінің кіріспе сөзі : Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір.Оның кепілі – заңдылық.Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы.Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы.

Жалпы жер жүзінде балалардың құқықтарын қорғау тарихы аз-ақ уақытты құрайды деп айта алмайсыз. Бұл жөніндегі алғашқы ұйым әлемде 1919 жылы пайда болыпты. 1924 жылы – Ұлттар лигасының Женева Бала құқықтары туралы декларациясы, 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының Бала құқықтары декларациясы қабылданса, 1979 жыл Халықаралық Бала жылы болып жарияланды және тек он жыл өткеннен кейін ғана Бала құқықтары туралы конвенция қабылданды. Яғни 1989 жылы Бала құқықтары туралы конвенция қабылданып, Қазақстан Республикасы бала құқықтарын қорғау жөніндегі маңызды конвенцияларға қосылды. Бұл конвенция бала құқықтарын айқын белгілеген басты құжат болды. Бүгінгі күні аталған Конвенция әлемнің барлық елдері қол қойған халықаралық құжат болып табылады. Бұл халықаралық құжатты Қазақстан Үкіметі 1994 жылы ратификациялады. Осы кезден бастап біздің мемлекетіміз миллиондаған қазақстандық балалардың құқықтарын қамтамасыз етуде айтарлықтай жұмыстар атқаруда. Ең бастысы - 2004 жылы тамызда «Бала құқықтары туралы» Заң қабылданды.

Балалар құқықтары туралы халықаралық конвенциядан ( слайд арқылы көрсетіледі )

⊞ Мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

⊞ Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы.

⊞ Әрбір бала өз отбасында, ата-анасымен бірге өмір сүруге құқылы.

⊞ Бала мектепте кінәлі болғанда да оны ешкімнің ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ.

⊞ Әрбір баланың ой-пікірі, ар-ождан және дін еркіндігіне құқығы бар. Бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы.

⊞ Бала денсаулығын сақтауға, емдеуге құқылы.

⊞ Бала өз ойын еркін айтуға құқылы.

Сіздің түсінігіңізше «Зорлық – зомбылық» түсінігіне не жатады және оның түрлері қандай?

Физикалық: итеру, жұлмалау, алақанмен жұдырықпен немесе басқа да заттармен ұру;

Сексуалды: күштеп жыныстық қатынасқа итермелеу, қорқыту, бопсалау, зорлау;

Психологиялық: ауызша тіл тигізу; бопсалау; өзіне қатысты немесе басқалардың тарапынан қокан лоқы күш көрсету, қорқыту; бақылауға алу;

Эмоционалдык: оның намысына тие отырып, орындауына мәжбүрлеу;

Экономикалық: балаларды тәрбиелеуден бас тарту;

Балалар еңбегін қанау: еңбек етуге мәжбүрлеу, құлдык, бопсалаушылық.

## II. Топтық жұмыс:

Топта жұмыс істеу ережесі:

1. Біреуі сөйлейді, басқалары тыңдайды.
2. Болып жатқанға белсенді қатысу.
3. Әркім өз пікірін білдіруге құқылы.
4. Пайда болған ой, сезімдерінді осы жерде және қазір айт.
5. "Басынан" "Аяғына" дейін жұмыс істеу.

Негізгі бөлім.

1) Амандасу – «таныстыру» жаттығуы.

Нұсқау: әр қатысушы өз есімінің бірінші әрпіне қарай бойындағы жеке қасиетін қосып айту керек. Мысалы: мен Еркеблан ержүректі жігітпын...

Оқушылар түгел амандасып болғаннан кейін топқа бөлінеді.

2) Топқа бөліну

Оқушылар топқа бөліну үшін әр бір оқушы үстелде қойылған смайликтерді алып 3 топқа бөлінеді.

3) «Зорлық-зомбылықсыз және қатігездіксіз балалық шақ» тақырыбында постермен жұмыс жасау, қорғау.

4) «Аяқталмаған тезистер» атты анкетаға зорлық зомбылықтың бірнеше түріне анықтама жазады.

1. Зорлық –зомбылық –ол....
2. Физикалық зорлық –зомбылық –ол
3. Психологиялық -
4. Экономикалық зорлық деген-
5. Қорқыту –ол...

5. «Қайта байланыс» жаттығуы

Оқушылар шеңбер құра отырады да, допты әр қайсысы кезекпен кезек ала отырып тренингтің өткізілуіне байланысты өз ойларын білдіреді:

- Тренингте ең бірінші не ұнады?

- Не ұнаған жоқ?

- Өзің жаңадан не білдің?

б) "Алған әсеріңіз қандай?" - смайликтер арқылы анықтау.

в) тренингке қатысушыларға рахмет айта отырып, тренингті аяқтау.

## 6. Қорытынды.

«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбындағы тренингті былай қорытындылағым келеді. Немістің ұлы ақыны В. Гете серуенге шығарда қалтасына түрлі гүлдердің тұқымын салып шығып, шалғындардан, орманнан өткенде, тауға шыққанда гүл тұқымдарын сеуіп жүруді жаны сүйген. Оның жүрген жерлері мезгілі келгенде керемет гүлдер өсіп шығатын. Гете сепкен гүл ме, әлде табиғи жолмен өздері көктеді ме, оны білу міндетті емес. Дегенмен сұлулық әлемі, әсемдік әлемі байыды. Сол сияқты дүниеде зорлық-зомбылық болмаса адам өмірі, адамзат дүниесі сұлу да әсем болар еді.